



Автор: Нысамбаева Перизат Ерболовна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі

Тақырып: ғажайып ағаштар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	О5. Мәтін мазмұнын түсіну, нақты ақпараттарды анықтау, антоним, синоним,омоним сөздерді қайталау .
Тілдік мақсаттар:	ағаш, ғажайып, өсімдік сынды тақырыпқа байланысты сөздерді қолдану.
Бағалау критерийлері:	лексикалық қолданысты біледі, негізгі ақпаратты анықтай алады. синоним, антоним, омоним сөздерді тауып, мағыналарын ажырата алады.
Құндылықтарды дарыту:	ақиқат
АКТ-ны қолдану дағдылары:	таныстырылым
Пәнаралық байланыс:	өзін-өзі тану
Бастапқы білім:	Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 мин)	I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасады, сабаққа дайындығын тексереді. Үй жұмысы слайд бойынша тексеріледі. Пазл әдісі бойынша 4-топқа бөліну (нан, сүт, шоколад, шұжық ағаштары).	слайд үлестірме қағаздар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (36 мин)	Қызығушылығын арттыру. Мұғалім: – Оқушылар, мына суреттерде не бейнеленген? (Оқушылардың жауабы). – Нанды қандай өсімдіктен алады? (Оқушылардың жауабы). – Ал адамдар сүтті қайдан алады? (Оқушылардың жауабы). – Осы сұрақтарды жаңа сабағымызда нақтырақ қарастырып көреміз! Сонымен бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай? («Ғажайып ағаштар») – Ал осы сабаққа қандай мақсат қоямыз? (Оқушылар сабақтың мақсатын айтады). Мағынаны тану. Мұғалім тақырыптың мағынасын анықтап алады: – Балалар «Ғажайып ағаштар» дегенді қалай түсінесіздер? Ол қандай ағаштар? (Оқушылардың топ бойынша жауабы). –Ендеше бейнероликке назар аударайық! («Алматының қақ ортасында ғажайып ағаш өсуде» атты бейнематериал). Оқылым алды тапсырма. Адасқан сөздер беріледі. Сол сөздер арқылы сөйлем құрастырады. 1) Нан ағашының дәмі бидайдың наны сияқты. 2) Сүт ағашының сүті сиыр сүтінен ешбір кем емес. 3) Шұжық ағашының шұжық секілді болып көрінген жемістері жеуге жарамсыз. 4) Какаодан алынған майды кондитерде, медицинада пайдаланады. - Оқушылар қалай ойлайсыздар, шынымен нан, сүт, шұжық, какао ағаштарының болуы қаншалықты шындыққа жанасымды? Оқылым тапсырмасы. (А4 қағазы беріледі, әр топ өзіне берілген мәтінді оқып, басқа топтарға түсіндіреді). 1. Нан ағашы Үндістан мен Малайя аралында өседі. Оның асқабақ тәрізді жемістері болады. Кейбірінің салмағы 25 келіге дейін жетеді. Ағаштың жемісінің крахмалы көп, дәмі бидайдың наны сияқты. Жергілікті тұрғындар осы нан ағашының жемісін бөлшектеп турап, қуырып ас етеді, дәмді тоқаш пісіреді. Ал, нан ағаш гүлдеп біткен кезде, оның тұқымын жинап шикідей де, қуырып та жейді. 21 жастағы бір нан ағашының жемісі 3-4 адамды бір жыл асырап шыға алады. 2. Бразилияда сүт беретін ағаш бар, ол Амазонка өзенінің жағасында өседі. Жергілікті халық оны «сорвейра» деп атайды. Сол сорвейра ағашының бір жерін кертіп қалса, одан сүт тәрізді ақ шырын саулап қоя береді. Өзі сүттен сәл қышқылдау. Сондықтан, оны алғаш тағам ретінде пайдалана қоймаған. Кейіннен ботаниктер зерттеп, оның сиыр сүтінен ешбір кем еместігін анықтаған. Халықтың айтуынша, ақ шырынға аздап су қосып пісірсе, сүттен дәмі айнымай қалады екен. Ағашты бір сауғанда 2-4 литрге дейін сүт алуға болады екен. 3. Еуропалықтар XIX ғасырдың басында осындай ағаштарды алғаш көргенде, бұталарда шұжықтар өсіп тұр ма деген ойға қалған. Себебі, ағашта өсіп тұрған жемістердің түсі мен ұзындығы шұжыққа өте ұқсас келеді. Өкінішке орай, бұлар — шұжық емес... Шұжық ағашының гүлдеуінің өзі ерекше. Қызыл әрі шұңғыма тәрізді гүлдері кешке ғана ашылып, түнде жайқалып тұрады. Ал таң атысымен ашылған гүлдер түсіп қалады. Шұжық секілді болып көрінген жемістер жеуге жарамсыз және ешқандай пайдасы жоқ болып шықты. Алайда, «шұжық ағашы» деген атау өсімдікпен бірге біржола қалып қойды. 4. Какао, шоколад ағашы – мәңгі жасыл стеркулия тұқымдасына жататын ағаш. Биіктігі 4-8 м, гүлдері сары не қызғылт түсті. Какао Орталық және Оңтүстік Американың жылына түсетін қалың ормандарында өседі. Африканың батысында және басқа да тропиктік аймақтарда 16 ғасырдың басынан қолдан егіле бастаған. Какаодан алынған майды кондитер, иіссу өндірістерінде және медицинада дәрілерге қосуға пайдаланады. Дискриптор: мәтінді топтарға мазмұндап, жеткізеді. ҚБ: өзара топтық бағалау. Бағалау критерийі: лексикалық қолданысты біледі, негізгі ақпаратты анықтай алады. - Балалар, көзіміз шаршаған шығар, көз жаттығуын жасайық! Оқылымнан кейінгі деңгейлік тапсырмалар. 1-деңгей. Әр топ өз мәтінінен синонимдер, антонимдер, омонимдер табады. 2-деңгей. Берілген жұмбақтардың шешімін тауып, оларды орыс, ағылшын тіліндегі баламаларды жазып, айтады. Қыста киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды.(ағаш) Сылдыр сұйық, анады, Ақ болса да қар емес,	пазл суреттер Идеялар себеті https://www.youtube.com/watch?v=32g6bmZL4R4 қима қағаздар А4 қағаздары http://balalaralemi.kz/article/1890/Gazhaiyp-agashtar#.Wgslrp-LTXQ слайд видео карточкалар слайд, карточка

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (2 мин)	Үй тапсырмасы: «Өз қиялымдағы ағаш» тақырыбында А4 қағазына сурет салып, өз идеямызды жеткізу.	слайд
Рефлексия (2 мин)	Рефлексия Біз бұл сабақта есту мүшесі арқылы естіп, есте сақтадық; Біз бұл сабақта көру мүшесі арқылы қызығушылығымыз артты; Біз бұл сабақта сөйлеу мүшесі арқылы өз ойымызды жеткіздік; Біз бұл сабақта қолымыздан келгенін жасадық.	стикерлер